

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК



**«ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
АТТЫ СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СИСТЕМЫ
ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ»
МАТЕРИАЛЫ СТУДЕНЧЕСКОЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

**«URGENT PROBLEMS OF THE EDUCATION
SYSTEM IN MODERN CONDITIONS»
MATERIALS OF THE STUDENTS' SCIENTIFIC AND
PRACTICAL CONFERENCE**

ҚОСТАНАЙ, 2024

УДК 37.0
ББК 74.00
А 43

Редакционная коллегия: Чуркина Т.А., Шопанова А.Б., Плохотенко В.Н.,
Буранова А.Б., Таскенова А.Б.

А 43 **Актуальные проблемы системы образования в современных условиях** = Қазіргі жағдайдағы білім беру жүйесінің өзекті мәселелері = Urgent problems of the education system in modern conditions: материалы студ. науч.-практ. конф. – Костанай: Костанайский высший педагогический колледж, 2024. –56 с. – Англ., каз., рус.

ISBN 978-601-08-3964-9

В сборнике рассматриваются актуальные вопросы системы образования в современных условиях. Авторы статей – обучающиеся технического и профессионального образования - показали результаты научно-исследовательской работ в сфере профессиональной подготовки современных специалистов с разных аспектов междисциплинарности.

Данный сборник может быть интересен всем занимающимся научно-исследовательской деятельностью.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-08-3964-9

© КГКП «Костанайский высший педагогический колледж»
Управления образования акимата Костанайской области, 2024

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

1	Қуанышова Г.Ж. Бастауыш сыныпта математика сабақтарын құруда, проблемалық оқыту технологиясын қолдану.	4
2	Жомарт А.Ғ. Баяу ғаламтор желісі.	7
3	Серік А.Б. Жаңартылған білім, әдіс тәсілдердің болмауы, білім саласына кері әсерін тудырады.	9
4	Айтбаева Б. Б. Шет тілін сабағында оқушылардың білімін бақылау және бағалау.	13
5	Кенес А.А. Шетел тілінде грамматиканы оқыту әдістері.	16
6	Абишева Ж.А. Шет тілінің оқыту технологиялары.	18
7	Адилова А.А. Шет тілін оқытудағы әдістері мен тәсілдері.	21
8	Исабай А.С. Шет тілінің оқыту технологиялары.	24
9	Кельдимбай Д.А. Шет тілін оқыту әдістемесі.	26
10	Ким К.Н. The use of game-based learning methods to expand the vocabulary of the primary school students at the lessons of English.	28
11	Мамешова К.К. Effective means of developing the oral speech of younger schoolchildren in English lessons.	32
12	Сон А. В. Effective technologies for forming grammar competence of junior school children in English language lessons	36
13	Горбунова Е.А. Основные факторы повышения мотивационной сферы обучающегося при оценивании в начальной школе.	39
14	Тажекенова Р.Н. Проблема сохранения общечеловеческих и традиционных ценностей в процессе духовно-нравственного воспитания молодежи.	43
15	Серкова К.К. Проблема формирования исторического сознания в процессе воспитания гражданина и патриота республики казахстан.	47
16	Зацепина К.А. Развитие внимания и памяти у младших школьников посредством интерактивных образовательных платформ.	50
17	Абилгазина Н.Н. Использование аудиовизуального материала на уроках английского языка в начальной школе.	54

Г.Ж. Қуанышова
0105000 Бастауыш білім беру,
0105013 Бастауыш білім беру мұғалімі
Д.А. Елеусизова

Педагогикалық ғалымдарының магистрі, МжАТ кафедрасының математика пәнінің оқытушысы,
Қостанай жоғары педагогикалық колледжі

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫН ҚҰРУДА, ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Түйін: Білім берудің болашағы проблемалық оқытудың болашағымен тығыз байланысты. Проблемалық оқытудың мақсаты кең: ғылыми танымның нәтижелерін ғана емес, сонымен бірге осы нәтижелерді алу процесінің жолын да игеру; ол сонымен қатар оқушының танымдық тәуелсіздігін қалыптастыруды және оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтиды. Проблемалық оқыту арқылы оқушылардың оқуға деген ықыласын арттыру дегеніміз олардың ойлау қызметін жандандыру, дамыту болып саналады. Демек, проблемалық оқыту мұғалімнің жан-жақты әрекеттерін талап етеді. Бұл әрекеттер оқушының жаңа ұғымының мәнін ашу тәсілдерін өздігінен іздестірумен сипатталатын танымдық әрекеттерін ұдайы тудырып отырады. Мұндай қызметті ізденіс деп атайды. Ізденіс арқылы оқушылар тапсырмаларға деген қызығушылығын көрсетіп қана қоймай оны шешу жолының мәнін түсінуге жағдай жасайды.

Түйінді сөздер: проблемалық оқыту, логикалық есептер, шығармашылық дербестік, ғылыми зерттеулер, қарама қайшылықтар.

Аннотация: Будущее образования неразрывно связано с будущим проблемного обучения. Цель проблемного обучения широка: овладение не только результатами научного познания, но и путем процесса получения этих результатов; оно также включает формирование познавательной самостоятельности учащегося и развитие его творческих способностей. Повышение мотивации учащихся к обучению через проблемное обучение считается активацией, развитием их мыслительной деятельности. Следовательно, проблемное обучение требует всесторонних действий учителя. Эти действия постоянно порождают познавательные действия учащегося, характеризующиеся самостоятельным поиском способов раскрытия сущности нового понятия. Такая деятельность называется поиском. Через поиск учащиеся не только проявляют интерес к заданиям, но и создают условия для понимания пути их решения.

Ключевые слова: проблемное обучение, логические задачи, творческая самостоятельность, научные исследования, противоречия.

Abstract: The future of education is closely related to the future of problem-based learning. The purpose of problem-based learning is broad: mastering not only the results of scientific knowledge, but also the way of the process of obtaining these results; it also includes the formation of cognitive independence of the student and the development of his creative abilities. Increasing students' desire to learn through Problem-Based Learning is considered to be the activation, development of their thinking activity. Therefore, problem-based learning requires comprehensive actions of the teacher. These actions constantly give rise to cognitive actions of the student, which are characterized by a spontaneous search for ways to reveal the essence of a new concept. Such a service is called a quest. Through the search, students not only show interest in the task, but also create conditions for understanding the meaning of its solution.

Keywords: problem teaching, logical problems, creative independence, scientific research, contradictions.

Проблемалық оқыту тәсілі арқылы оқушылардың логикалық қабілетін, оқу еңбегіне қызығушылығын арттыру, оқушыларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйрету, сонымен қатар, осы оқыту тәсілі арқылы берік білім беруге бағыттау. Білім жүйесінде ең негізгі

проблемалық тапсырмаларды шешіп қана қоймай, саналылық пен бірізділік принциптерің жүзеге асыруға жағдай жасау. Оқушылардың оқу процесіне негізделген тапсырмаларды шешуге бағытталған логикалық тапсырмаларды орындау.

Міндеттері:

- Ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі проблемалық оқытудың теориялық негізін анықтау;

- Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда проблемалық оқытудың жолдарын қарастыру;

- Оқушылардың даму деңгейін педагогикалық және психологиялық жағынан сипаттау, оқытудың жоғары нәтижесіне қол жеткізу.

- Проблемалық оқыту процесінде оқушылардың жәй күйін бақылау.

- Проблемалық оқыту барысында артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындай түсу.

Білім берудің болашағы проблемалық оқытудың болашағымен тығыз байланысты.

Проблемалық оқытудың мақсаты кең: ғылыми танымның нәтижелерін ғана емес, сонымен бірге осы нәтижелерді алу процесінің жолын да игеру; ол сонымен қатар оқушының танымдық тәуелсіздігін қалыптастыруды және оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтиды.

Проблемалық оқыту – ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың негізгі тәсілі, ол адамның танымдық және практикалық қызметін реттеп отыратын белгілі бір жеке бастық субъективтік тұрғы ретінде ұғынылады, дүниетаным теориялық білімнің, практикалық тәжірибенің, идеялық-эмоциялық бағалардың жоғары синтезі ретінде анықталады.

Проблемалық оқытудың мәні оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудан тұрады, бұл ретте бұл қызмет мақсатты іздестіру сипатына ие болады. Ол олардың сұрақтар қоюға қатысуынан, проблеманың мәні мен оқу бағдарламалары мен оқулықтарда қойылған проблемалық міндеттерді түсіндіруден, педагогтың оқу материалын проблемалық баяндауынан және оның оқу ақпаратын түсіндіруінен басталады. Оқушылардың оқу іс-әрекетінің ізденіс сипаты олардың өзіндік жұмысының әртүрлі түрлерін пайдаланумен проблеманы шешу процесінде ашылады.

Проблемалық мәселелерде, проблемалық емес мәселелерге қарағанда, әрдайым белгілі бір жасырын қарама-қайшылық болады. Бұл қайшылықты анықтау және ашу қажеттілігі проблемалық жағдайдың сипатты ерекшеліктерінің бірі екенекен белгілі. Бұл ретте проблемалық жағдайдың мотивациялық жағы да үлкен маңызға ие болады. Мотивация оқушының белгісіз нәтиже немесе тапсырманы орындау тәсілін іздестіру үшін жеткілікті білім, іскерлік пен дағдылардың деңгейі мен көлемінің болуынан тұрады. Олардың жеткіліксіздігін сезіну кезінде оқушы өзінің білімі, шеберлігі мен дағдыларындағы кемшіліктердің орнын толтыруға ұмтылады. Проблеманың басты көрінісі: Оқушылардың тапсырмаларды толыққанды қабылдамай назарларының басқа нәрсеге бұруына алып келеді осы нәтижеге сай «Бастауыш сыныпта математика сабақтарында» оқушылардың басты назарын тапсырмаға сонымен қатар проблемалық, логикалық есептерге сәйкес қызықтыра алуға ұмтылыс болу қажет, осыған сәйкес шешу жолдары:

Дистервергтің дәлелдеуінше, « жаман ұстаз ақиқатты айта салады, жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді».

Проблемалық оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін шәкірттерге ұсынатын проблемалық сұрақтар жүйесін жасап шығу қажет. Ескеретін жайт: кез келген сұрақ проблемалы бола бермейді. Проблемалы сұрақтың жауабы дайын болмайды, оны оқушы міндетті түрде өзі іздеуі шарт. Ол сұрақ баланың сана-сезімінде қиындық туғызуы қажет. Оқушы іштей түйсінген ойлау қиыншылығы проблемалық жағдаят деп аталады. Проблемалық сұрақ, бір жағынан, қиын болуы, екінші жағынан, оқушының шамасына лайық болуы керек. Осындай проблемалық жағдаят туғызу, проблемалық сұрақ қою – проблемалық оқытудың алғашқы кезеңі.

Келесі кезеңінде бала іштей өз білімін талдап, таңдап, олардың жауап алуға жеткіліксіз екенін анықтайды да ізденіс жолына белсенділікпен түседі. Шінші кезеңде ол сұрақтың

жауабын дұрыс шеше білу амалдарын, жаңа білімді меңгереді. «Мен білдім!» деген қуанышты жағдайға жетеді. Кейінгі кезеңдерде дұрыс жауапты тексереді, алғашқы гипотезамен салыстырады, алынған білім мен білікті қорытындылайды, жинақтайды.

Мұғалім проблемалық оқытудың барысында оқушы ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалық оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.

Осы проблеманы шешу мақсатында және оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін «**АУДИОКІТАП**» құрастыру.

Мақсаты: Оқушылардың математика сабағында тапсырмаларды орындау барысында қызығушылығын арттырып, есептерді шешуге қолайлы атмосфера құру. Әр оқушының оқу деңгейіне назар аудару арқылы тапсырмаларды дұрыс әрі нақты шешуге жағдай тудыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың көру қабілетіне сай есептерді көзбен көру арқылы санада сақтап алу;
- Оқушылардың есту қабілетіне сай есептердің берілу жолдарын құлақпен есту арқылы берілген тапсырманы түсіну;
- Оқушылардың жадында есептерді шешу және шығару ойлану қажеттіліктерін сақтауға жағдай жасап қана қоймай, әр оқушының өзіндік қабілеттерін ашып талпынысын бағалай алу;

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың қызығушылығының артуы;
- Тапсырмаларды толық түсінуі;
- Ойлау қабілетінің дамуы;
- Жеке дара қалыптастыру;

Қазіргі мектептерде түсіндірмелі және проблемалық оқыту түрлері бірге қатар қолданылады. **Білім беру** – оқытудың тәрбие мен дамытудың үздіксіз үдерісі. Белгілі балалар психологы Д.Б.Эльконин дәлелдегендей, 3-10 жас аралығындағы балалар біріккен мәдени – білім беру саласында ортақ өмірмен дами отырып, ортақ тәрбиеленіп, ортақ оқып үйреніп өмір сүру керек. Яғни бұдан шығатын қорытынды – бұл сабақтастықтың яғни бастауыш сатыда мазалайтын сұрақтар проблемалары біреу ғана. Ол баланың тілін ой-өрісін, қиялы мен шығармашылығын дамыту болып, жаңа заман талабына сай жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде оқытып тәрбиелеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Елбасы Н. Назарбаевтың 17.01.2014 ж. Қазақстан халқына Жолдауы. жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.
2. Д. Рахымбек. Оқушылардың логика методологиялық білімдерін жетілдіру. Алматы. РКБ, 1998ж.
3. Б. Байжұманов. Оқушылардың психикалық даму ерекшеліктері. Бастауқыш мектеп, №12, 1998ж.
4. Математиканы оқыту методикасы. Ә. Бидосов.
5. «Тәрбие құралы» журналы.
6. «Бастауыш мектеп» журналы. «Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту». Тұрғанбаева.
7. Оспанов Т.Қ. және т.б. «Математика - 1», «Математика – 2», «Математика – 3», «Математика – 4» оқулықтары. – Алматы: «Атамұра», 1997-2000, 2001-2004.
8. Оспанов Т.Қ. және т.б. Математиканы оқыту әдістемесі. 1,2,3 және 4 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдар. – Алматы: «Атамұра», 1997-2000.

9. Арынова Г.Ф., Уайсова Г.И. Бастауыш сынып оқушысы дамуының әлеуметтік-педагогикалық жағдайы. //Абай атындағы ҚазҰПУ-ң хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. 2020. - № 4 (68). – Б.231
10. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. - 186б.
11. Математикадан дидактикалық материалдар.1,2-сыныптар. (Құрманалина Ш.Х.. Қосанов Б.М. және т.б.) – Алматы: «Атамұра», 1997, 1998.

УДК 37.0

А.Ғ. Жомарт

01140100 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі,

4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі

Г.Ж. Кубегенова

Педагогика және психология кафедрасының арнайы пәндер оқытушысы,

Қостанай жоғары педагогикалық колледжі

БАЯУ ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІ

Түйін: Жобаның мақсаты: баяу ғаламтор желісінің оқу іс-әрекетіне әсері.Бұл жобада "ғаламтор" терминіне анықтама береміз,ғаламтордың қайда және қалай пайда болғанын қарастырамыз.Қазақстанда алғаш ғаламтордың пайда болуы,оқытудағы маңызы,ауыл мектептеріндегі оқушыларға баяу ғаламтор желісінің қолайсыздығы.Баяу ғаламтордың әсерінен электронды оқулықтардың,электронды күнделіктің ашылмауы.Қазіргі таңда бұл мәселені шешуге арналған іс-әрекеттер

Түйінді сөздер: ғаламтор,күнделік,оқулық,баяу ғаламтор,оқушылар,мектеп

Аннотация: Тема, обсуждаемая в научном проекте "Медленный Интернет" Цель проекта: влияние медленного Интернета на образовательную деятельность. В этом проекте мы дадим определение термину "Интернет", рассмотрим, где и как появился Интернет.Появление первого Интернета в Казахстане, его значение в образовании, неудобство медленной сети Интернет для учащихся сельских школ.Невозможность открыть электронные учебники и электронные дневники из-за медленного Интернета.Рассмотрим какие принимаются меры по решению этой проблемы

Ключевые слова: интернет, дневник, учебник, медленный интернет, студенты, школа

Abstract: Topic discussed in the scientific project "Slow Internet" Project goal: the impact of slow Internet on educational activities. In this project we will define the term "Internet", consider where and how the Internet appeared. The emergence of the first Internet in Kazakhstan, its significance in education, the inconvenience of a slow Internet network for students in rural schools. The inability to open electronic textbooks and electronic diaries due to slow Internet. Let's consider what measures are being taken to solve this problem

Keywords: internet, diary, textbook, slow internet, students, school

1. Ғаламтордың шығу тарихы

Ғаламтор — компьютердегі мәліметтер мен құжаттарды, мультимедиа элементі бар гипермәтінді жүйелерді байланыстыратын ғаламдық тор.

Интернет ұғымы 20 ғасырдың аяғында пайда болды. Интернет тарихы 1957 жылы Кеңес Одағы ғарышқа жасанды жер серігін ұшырғаннан кейін АҚШ Қорғаныс министрлігі «соғыс

болған жағдайда Құрама Штаттарға сенімді ақпарат алмасу жүйесі қажет болады» деп есептеді.

Осы мақсатта Лос-Анджелес университеті, Юта университеті және Калифорния университеті, сондай-ақ Стэнфорд зерттеу орталығы компьютерлерді өзара байланыстыратын желіні құруға жауапты болады. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт ұйымдағы компьютерлерді телефон арқылы қосу үшін іске қосылды.

Содан кейін ARPANET жетіліп, әртүрлі сала мамандары қолдана бастады. 1983 жылы бұл атау «Интернет» терминімен ауыстырылды және бүгінде бүкіл әлемде 1,5 миллиардтан астам тұрақты Интернет пайдаланушылары бар.

2. Қазақстанда ғаламтордың пайда болуы

1994 жылы Қазақстан алғаш рет «Релком» компаниясы арқылы әлемдік интернет жүйесіне қосылды. 1997 жылдың жазында «Арна-Спринт» компаниясының арқасында Көкшетау қаласында нағыз интернет пайда болды. Сағатына 10 доллардан басталатынына қарамастан, ол өте танымал болды. Сол кездегі интернеттің ең жоғары жылдамдығы 14400 бит/сек болатын. 1999 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Қазақтелеком» филиалы арқылы «Зона Интернет» жобасын жасады. Бұл жобаның жұмыс істеуі үшін компанияның құрылғылары Қазақстанның әрбір ірі қаласында орнатылған.

3. Ғаламтордың оқытудағы маңызы

Біздің заман-ақпараттық технологиялар заманы. Ақпараттық-коммуникациялық технология электронды оқулықтарды, интерактивті құралдарды, оқу барысында компьютерді қолдануға, электронды күнделікті пайдалануға, оқыту бағдарламаларына негізделген.

Ғаламторды пайдаланып оқытудың негізгі маңызы: оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту, оқушыларға Kundelik.kz, Bilimland қосымшаларын пайдалануға тиімділігі, қашықтықтан оқыту үшін де қажет

4. Ауылдық жерлердегі ғаламтор

Жылдан жылға қазақстандық мектептерде ғаламторға қолжетімділікті арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. 2020 деректер бойынша шағын мектептер ғаламторға 3Мбит/с-тан жоғары жылдамдықпен қол жеткізе алмаған, нақты жылдамдығы 1,5-нан 2,9 Мбит/с-қа дейін. Бұл жылдамдық, мысалы, «Күнделік» электронды журналын сақтауға, «Bilimland» электронды платформасын пайдалануға мүмкіндік бермейді. Мұғалімдер бұл жылдамдықпен қанағаттанбайтындықтарын және қолжетімділіктің өте төмен екенін айтты. Олардың пікірінше, кең жолақты ғаламторға қолжетімділіктің жоқтығы көптеген оқу-ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы мәселелерді тудырады. Және оқушылар үшін қиындықтар туындайды

5. Баяу ғаламтор желісінің шешімі

Қазіргі таңда Қазақстанда Илон Масктың Starlink шоқжұлдызы қосылған. Starlink — америкалық SpaceX компаниясы жасақтаған Жер шарындағы Интернет жүйесі қамтылмаған немесе нашар қамтылған не болмаса Интернеті қымбат аймақтары бар орындарға арнайы бағытталған ғаламдық спутниктік шоқжұлдыз жүйесі.

Илон Масктың жоғары жылдамдықты интернеті енді Ақмола облысындағы мектеп оқушылары үшін қолжетімді. 10 қазанда мектепте спутниктік құрылғы орнатылды. Жылдамдығы – секундына 100 мегабит. Бұл балалар мен мұғалімдерге ұнады. Сабақтар Bilimland платформасы арқылы да жүргізіледі. Бұрын мектепте секундына 4 мегабит жылдамдықпен интернет болған. Жылдамдығы баяу болды. Майшұқыр ауылында спутниктік байланыс сыналғанына бір айдан сәл ғана уақыт болды. Енді балалар білім беру алаңдарына кіріп, үздік мұғалімдердің сабақтарын тыңдай алады.

Қазақстан билігі Starlink желісінің жылдамдығы 200 Мбит/с жетеді деп атап өтті. Барлығы шалғай елді мекендердегі 2 мың білім беру нысанын жоғары жылдамдықты интернетке қосу жоспарлануда.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ғаламтордың шығу тарихы

<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%92%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BC%D1%82%D0%BE%D1%80>

2. Қазақстанда ғаламтордың пайда болуы

<https://massaget.kz/blogs/14047/>

3. Ғаламтордың оқытудағы маңызы

<http://sabaq.kz/?p=7121>

4. Ауылдық жерлердегі ғаламтор

<https://ekonomist.kz/kz/nurbayev/auyldyq-mektepter-memleket-oqushylar-bolip-zhara-ma/>

5. Баяу ғаламтор желісінің шешімі

<https://kk.wikipedia.org/wiki/Starlink>

<https://24.kz/ru/news/obrazovanie-i-nauka/item/627862-internet-starlink-podklyuchayut-v-selskikh-shkolakh-akmolinskoj-oblasti>

<https://vlast.kz/novosti/57459-selskie-skoly-kazahstana-nacali-podklucat-k-sirokopolosnomu-internetu-po-tehnologii-starlink.html>

УДК 37.0

А.Б. Серік

01140100 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі,

4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі

Г.Ж. Кубегенова

Педагогика және психология арнайы пәндер оқытушысы,

Қостанай жоғары педагогикалық колледжі

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ, ӘДІС ТӘСІЛДЕРДІҢ БОЛМАУЫ, БІЛІМ САЛАСЫНА КЕРІ ӘСЕРІН ТУДЫРАДЫ

Түйін: Ғылыми жоба жаңартылған білім жүйесі мен әдіс-тәсілдердің білім беру саласына үлесін негіздеп, жасалынған. Жобаның мақсаты- жаңартылған білім жүйесімен таныстырып, оның дәстүрлі білім беруден артықшылығын айқындау. Сонымен қатар жобадан түрлі әдіс тәсілдер көрсетіліп, олардың оқушыларға пайдасы жайында баяндалады. Бұл жобадан жаңа өзгерістердің білім сапасына тигізетін әсерін біле аласыздар. Ғылыми жобаны жасау барысында түрлі әдебиеттер мен қатар практикалық зерттеулер көрсетілген.

Түйінді сөздер: жаңартылған білім, әдіс, тәсіл, білім, оқушылар, жаңашылдық, артықшылық.

Аннотация: Научный проект разработан с обоснованием вклада обновленной системы образования и методов в сферу образования. Цель проекта-познакомить с обновленной системой образования и определить ее преимущества перед традиционным образованием. Кроме того, в проекте будут продемонстрированы различные методы и рассказано об их пользе для учащихся. В этом проекте вы узнаете о влиянии новых изменений на качество знаний. В процессе разработки научного проекта представлена разнообразная литература и практические исследования.

Ключевые слова: обновленное содержание образования, метод, прием, знания, студенты, инновации, преимущество

Abstract: The scientific project was developed, justifying the contribution of the updated knowledge system and methods to the educational sphere. The aim of the project is to introduce the updated education system and determine its advantages over traditional education. In addition, the project shows various methodological approaches and tells about their benefits for students. In this project, you can learn about the impact of new changes on the quality of Education. During the development of the scientific project, various literature and parallel practical research are presented.

Keywords: updated knowledge, method, technique, knowledge, students, innovation, advantage

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын бағдарлама.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты – білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша білім беру үдерісінде өзгерістер пайда бола бастады.

Жаңартылған біліммен келген өзгерістер:

1. 12 жылдық білімге көшу;
2. 5 күндік оқу аптасына көшу;
3. Физика, химия, биология пәндері бесінші сыныптан бастап өтіледі;
4. Критериалды бағалауды енгізу;
5. Жаңартылған білім мазмұнына көшуде дәстүрлі оқулықпен қатар цифрлық оқыту ресурстарын (ЦОР) қолдану.

Жаңартылған білім берудің дәстүрлі білім беруден ерекшелігі:

1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны карапайымнан күрделенуі;
2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;
4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;
6. Білім беру деңгейлері аралынында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;
8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу).

Жаңартылған білім беру маңызы:



Әдіс-тәсілдер

Әдіс дегеніміз – мұғалімнің белгілі бір мақсатқа жетудегі іс - әрекеті. Тәсіл деген - әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, әдісті іске асырудағы жеке қадам.

Көрнекі педагог В.А. Сухомлинский «Сабақ жас өспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің түлеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» деп айтқан. Өйткені жай ғана сабақ құнарсыз тағам секілді адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденістері, қолданған әдіс - тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады. Сабақ үрдісінде пайдаланып жүрген әдіс - тәсілдер оқушылардың оқуға деген ынта - ықыласының, дағды мен ой - өріс, білім - біліктерінің артуымен сипатталары сөзсіз. Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Әдіс-тәсілдердің түрлері:

1. «Әңгімелесетін әріптестер»

Өткен сабаққа сілтеме жасауды көздейтін бастапқы немесе бүкіл сыныпқа арналған тапсырма ретінде оқушылар әріптестерімен:

- 1) Жана оқылған 3 факті туралы;
- 2) Оларға жеңіл болып көрінген тапсырма;
- 3) Оларға қиын болып көрінген тапсырма;
- 4) Алдағы уақытта білгісі келген нәрселер туралы ақпарат алмасады.

2. Рефлексия

- 1) «Бағдаршам» әдісі
- 2) «Автобус аялдамасы» әдісі
- 3) «Күн көзі» әдісі

3. «Алфавит»

Оқушылар әрқайсысы алфавиттің бір-бір әрпін алып, жыл көлемінде оқыған материалдарынан өздеріне түскен әріпке сәйкес тақырыптарды айтып шығады. Мысалы, «Қаратпа сөз, қыстырма сөз, косарлы айқындауыш, қарсылықты салалас, қарсылықты сабақтас т.с.с.»

Қорытынды сабақтарда, емтиханға дайындықта, есте сақтауын дамытуда көмекке келетін жаңа тәсіл.

4. «Аквариум» әдісі

«Аквариум» әдісі - балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогті жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын тандайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен рөлін атқарады.

Сондықтан да мұны «аквариум» деп атайды.

5. «Арқаға сурет салу»

Бұл ойында барлық әрекеттерді үнсіз жасау керек. Оқушылар екі топқа бөлініп, бірінің артынан екіншісі тұрып, сап түзейді. Мұғалім ең артында тұрған оқушыларға бір заттың атауы жазылған қағаз ұсынады (мәселен, алма, алмұрт, жүзім, гүл, кітап, ағаш, автомашина т.б). Тапсырма: соңында тұрған оқушы үндемей, алдында тұрған оқушының арқасына әлгі заттың суретін саусағымен салады. Арқасына сурет салынған оқушы алдында тұрғанның арқасына өзінің арқасына салынған затты салады. Суреттер салынып біткеннен кейін мұғалім соңғы оқушыдан арқасына салынған заттың атын сұрап, оны қағазда жазылғанмен салыстырады.

6. «Кластер» әдісі

Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау.

7. «Фишбоун» әдісі

Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ - қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға, белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. Постерге балықтың қаңқасы - суретін салып, басына - тақырып жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазылады. Түйінді ой құйрығына жазылады. Кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады.

Әдіс тәсілдердің нәтижесі:

Әдіс – тәсілдерді пайдалануда оқушылар өз пікірлерін дәлелдеуге, қорытынды жасау, өз ойларын қысқаша, дәл және нақты жасауға көмектеседі және төмендегідей нәтижеге жетеді:

1. Сабакқа деген ынтасы, қызығушылығы артады;
2. Оқушылар өз бетімен іздену жолдарын үйренеді;
3. Өз ойын схема, кесте, суреттер, физикалық тәжірибелерді пайдалану арқылы еркін жеткізеді;
4. Физикалық тілде сөйлеу мәдениетін дамытады;
5. Іздену іс – әрекеті қалыптасады;
6. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау ынтасы оянады;
7. Зертханалық және сарамандық жұмыстарды өз бетінше жасауға дағдыланады;
8. Білім сапасын артады және т.б.

Әдіс-тәсілдің болмауы білім саласына қалай әсер етеді?

1. Ұжыммен бәрге жұмыс жасауға дағдыланбайды;
2. Қоғам алдында өзін еркін ұсый алмайды;
3. Сабакқа деген ынтасы, қызығушылығы төмендейді;
4. Сабак үстінде жалқаулық пайда болады.
5. Оқушылар арасында тығыз қарым-қатынастың орын алмауы;

Қорытынды:

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің түйгенім: Өзгеріске толы әлемде, елімізді дамытып, бүкіл әлемге танытатын жас ұрпақты тәрбиелеу үшін сол өзгерістерге сай болуымыз қажет. Қазіргі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесінің негізгі мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Тұлғаның жүрегіне жол табуда мұғалім ізденпаз болып, түрлі әдістәсілдерде қолдана білуі керек. Себебі, тиімді әдіс-тәсілдер - сапалы білім кепілі!

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ш. Құрманалина, Ә. Ғалымова, Б.Мұқанова, Р.Ильясова «Педагогика» оқу-әдістемелік құрал, Астана қаласы, 2016ж;
2. Есбосын Нағиша Қожаққызы, «Жаңа әдіс-тәсілдер», Қызылорда қаласы, 04.06.2020ж., «Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» қоржынынан;
3. Айгүл Мыңбаева, «Жаңартылған білім мазмұны кезең-кезеңмен жүзеге асырылады», Батыс Қазақстан облысы, 10.01.2017ж., kaz.inform.kz сайтында жарияланған сұхбат;
4. Ляззат Айтжанова, «Жаңартылға білім бағдарламасы туралы», Маңғыстау облысы, 25.03.2018 ж, «Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және «EDUNews.KZ» ақпараттық агенттігі «Үздік ақпараттық мақала» және «Үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурстары аясындағы "Үздік ақпараттық мақала" айдарына жарияланған мақала;
5. Әнесов Ғани Әбдіхамитұлы, «Педагогикалық әдіс-тәсілдер білім сапасын арттырудың басты құралы», Қызылорда қаласы, 05.01.2018ж., adisteme.kz сайтына жарияланған мақалама;
6. https://kk.wikipedia.org/wiki/Жаңа_білім_беру_жүйесі
7. https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/27729/
8. https://mtdi.kz/e/oku_adisteme/id/633/q/1
9. <https://martebe.kz/zhanartylgan-bilim-beru-mazmuny-bojynsha-okhytudagy-zhana-adis-tasilder/>

Б.Б. Айтбаева

01140600 Негізгі және орта білім беру тілі мен әдебиетін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі,
4S01140605 Шет тілі мұғалімі

А.Б. Таскенова

Педагогика ғылымдарының магистрі, шет тілдер кафедрасының арнайы пәндер оқытушысы,
Қостанай жоғары педагогикалық колледжі

ШЕТ ТІЛІН САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Түйін: Зерттеуде қазіргі таңда педагогика ғылымының өзекті де, өткір мәселелерінің бірі оқушылардың білім сапасын арттыру, оқыту мәселесін жақсарту мәселесі қарастырылып отыр. Соған байланысты оқушылардың білім бағасына және сол білімді бақылау жүйесіүт жоғары мән беріледі. Талаптардың жүзеге асуы осы таңдағы оқушылардың білімін бақылау жүйесіне жоғары сын қоя отырып, жан-жақты талдау жүргізуді қажет етеді. Қазіргі қалыптасқан білімді бақылау-тексеру жүйесіне қанағаттанбау (білім көрсеткіштері және оны тексеру тәсілімен қоса) мәселелері дидактикалық материалдар бетінде жиі ескеріліп, әрі айтылып жүр. Сондықтан дидактикалық және сыни түрде оқушылардың білімін бақылау және бағалауды қадағалау қазіргі таңда маңызды концепттердің бірі деп саналады.

Түйінді сөздер: шет тілі сабағында оқушылардың білімін бақылау және бағалау, технологиялар, бағалау түрлері, сыни ойлау қабілеті, бағалау тиімділігі.

Аннотация: Исследование посвящено одной из актуальных и острых проблем педагогической науки - проблема повышения качества образования студентов и совершенствования проблемы преподавания. В связи с этим большое значение придается оценке образования обучающихся и системе мониторинга этого образования. Реализация требований требует всестороннего анализа, при высокой критике действующей системы контроля за обучением студентов. Вопросы недовольства действующей системой контроля и проверки знаний (в том числе показателей знаний и метода их проверки) часто учитываются и упоминаются на страницах дидактических материалов. Поэтому дидактический и критический контроль и оценка знаний студентов сегодня считается одним из важнейших понятий.

Ключевые слова: контроль и оценка знаний студентов на занятиях иностранным языком, технологии, виды оценивания, способность критического мышления, эффективность оценивания.

Abstract: The study is devoted to one of the current and pressing problems of pedagogical science - the problem of improving the quality of student education and improving the problem of teaching. In this regard, great importance is attached to the assessment of students' education and the monitoring system for this education. The implementation of the requirements requires a comprehensive analysis, with high criticism of the current system of control over student learning. Issues of dissatisfaction with the current system of control and testing of knowledge (including indicators of knowledge and the method of testing them) are often taken into account and mentioned on the pages of didactic materials. Therefore, didactic and critical control and assessment of students' knowledge is considered one of the most important concepts today.

Keywords: control and assessment of students' knowledge in foreign language classes, technologies, types of assessment, critical thinking ability, assessment effectiveness.

Білім беру саласында оқу-таным әрекетінің сапасын, дәрежесін есепке алу, тексеру және бағалаудың білім, білік, дағдының нәтижесін арттыруда қызметі ерекше. Сөйтіп, оның технологиясын әркезде өмір талабына сай жетілдіріп отыру оқыту міндеттерінің өзекті мәселелерінің бірі. Күні бүгінге дейін оқыту саласында қолданылып жүрген білім, білік және дағдыны тексеру мен бағалаудың 5 баллдық жүйесі, оның сапасын, дәрежесін анықтап, белгілеуде барлық жағдайда объективтік тұрғыда қамтамасыз етпейді.

Тест ағылшын сөзі (test) аударғанда байқау, бақылау, зерттеу деген сөз. Педагогика тарихында тест пайдалану 130 жылдан артық уақыты қамтиды. Ең алдымен, педагогикалық тесті 1964 жылы Джордж Филлер қарастырып, оны Гринвич госпиталіндегі мектепте пайдаланған. Кейбір мамандар білімді тест түрінде тексеруде америкалық психолог-педагог С. Пресси мен оның қызметкерлері шығарған деп есептейді. С. Пресси оқу жылында оқушының білімін тексеруге мың сағаттан астам уақыт қажеттігін есептеген. Сондықтан ол алдына оқушы білімін бағалауға жіберілетін уақытты қысқартуды мақсат етіп қойды. Бұл мәселені шешуде тест тапсырмалары бар бағдарламамен жұмыс істейтін қарапайым технологиялық құрылымдарды шығаруға болады.

Содан бері мектептегі үлгерімді тест бойынша тексеру Америка штаты, Франция, Англия, Жапония, Дания, Канада, Австралия, Израиль және т.б. елдерде кеңінен тарай бастады. Мысалы, алдын ала тексерудің мақсаты жаңа материалды игеруге қажетті білім, білік, дағды деңгейін анықтау. Мұндай тексерудің нәтижесінде мұғалім оқушылардың біліміндегі ол қылықтарды дер кезінде байқап, анықтап, қосымша сабақ, кеңес ұйымдастыра алады. Алдын ала тексеруге арналған сұрақтар мектеп бағдарламасына сәйкес құрылады. Оқушылардың білімі мен білігін тексерудің түрлі формаларының ішінде соңғы кезде басты орынды тест бойынша тексеру алып жүр. Оқыту саласында тест қолдану білімді тексеру әдісін жетілдіруге қосылып отырған үлкен үлес болып есептеледі.

Тексерудің түрлері:

1. оқушылардың оқу жұмысын күнде бақылап отыру,
2. оқушылардың ауызша берген жауаптарын тексеру және бағалау,
3. сабаққа қатынасып отырған оқушылардың білімдері, не баға беру,
4. оқушылардың жазбаша берген жауаптарын бағалау,
5. бақылау жұмысы, оқушылардың үй жұмыстарын тексеру,
6. зачет, емтихан арқылы білімді тексеру.

Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері.

Оқушылардың оқу материалын қалай меңгергенін тексеру және бағалау оқыту процесіне керекті бөлік. Бұл тек қана оқыту нәтижелерін бақылау емес, сонымен қатар оқу процесінің әртүрлі кезеңіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару. Білімді тексеру және бағалау оқушының білім алуына көмектеседі, себебі мұғалім және оқушы оқу материалын меңгергендігі жөнінде сандық мәлімет алады. Мұғалімге оқушының нені білетіні, нені түсінбейтіні, қай материал жақсы меңгерілгенін, қайсылары нашар немесе мүлде меңгерілмегенін білгілі болады. Бұл оқушылардың танымдық жұмысын ұйымдастыру үшін негіз. Мұғалім өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға береді, жұмыс әдістеріне толықтырулар, түзетулер енгізіп, жеке оқушылармен жұмыстың жолдарын және құралдарын табады, бағдарламаның қандай сұрақтарын, ережелерін, ұғымдарын, заңдарын оқушылар нашар түсінетінін, жақсы түсінетіндерін біледі.

Білімді тексеруге қойылатын талаптар.

- Білімді тексеру және бағалау белгілі бір дидактикалық талаптарды қанағаттандыру керек:
- Тексерудің және бақылаудың жүйелілігі, тұрақтылығы, міндеттелігі. Бұл талапты бұзу оқушылардың оқуға деген қатынасын нашарлатып, білімнің сапасына кері әсер етеді.
 - Оқушылар сабаққа кун сайын әзірлену керек. Оған мұғалімнің тұрақты бақылауы әсер етеді.
 - Әрбір оқушыны өзінің білімінің, іскерлік дағдысының бағаланатынын түсіну керек. Егер білімді тексеру және бағалау оқыту процесінің құрылымына тұрақты түрде енсе, онда оқушы мұғалімнің сұрақтары мен тапсырмаларына жауап беруге дайын болады.

Ағылшын тілі сабағында бағалау тапсырмаларының түрлері

Бұл тапсырмаларды бағалау оңай және нақты нәтиже береді. Ал субъективті бағалау болса сіздің көзқарасыңызға негізделген жауап болуы мүмкін. Мысалы: essay, composition, discussion, role-play. Бұндай тапсырмалар барысында бір уақытта бірнеше аспектілерді бағалау керек: грамматика, лексика, еркін сөйлеу, тапсырманың орындалуы және жауаптағы жаргон сөздерінің орындылығы. Осындай жұмыс түрін бағалау критерийлерін нақты түсінуді қажет етеді. Берілетін тапсырмалар сіз тексергіңіз келетін тілдік дағдылары мен аспектісіне байланысты.

Бағалау үшін дұрыс тапсырмаларды таңдау өте маңызды, көбінесе бағалаудың жеткіліктілігі мен оқушының жетістігі сол тапсырмаларға байланысты болады. Тіл аспектісіне сүйене отырып, олардың әрқайсысы үшін ең жақсы тапсырмаларды қарастырып көрейік.

Reading: True/False questions – қалай болғанда да, мәтін түсінуді тексерудің және objective assessment санатына кірудің ең жақсы тәсілі – иә/жоқ сұрақтары. Атақты халықаралық емтихандарда да мұндай тапсырмалар әрқашан болатыны бекерден емес. Multiple choice questions – бірнеше

жауаптан бір дұрыс жауапты таңдау. Әрине ол біраз қиын болуы мүмкін, дегенмен оқушы тапсырманы мұқият оқып шықса, дұрыс жауабын табу жеңілдірек болады.

Ordering paragraphs Choosing titles - бұл тапсырмалар оқушылардың идеяларды логикалық ретпен қалай ұйымдастыра алатындығын және біртұтас мәтін құрау үшін тиісті жалғауларды дұрыс жалғай алатынын-алмайтындығын тексереді. Cohesion and coherence-ті тексерудің ең қолайлы түрі. Сонымен қатар “Open comprehension questions”, “Information transfer/table completion”, “Cloze tests” қолдануға болады. Writing: Story writing - жазылымға movie немесе book review, anecdote, an amusing story that happened to me, story writing-тер ең жақсы тапсырмалар болып табылады. Осындай тапсырмалар оқушылардың лексикасы мен грамматикасын тексеруге ыңғайлы.

Essay, composition, email, letter, postcard etc. - бұндай тапсырмалар көбінесе жоғары тілдік деңгейге ие оқушыларға арналған. Form filling, labelling, jumbled words - бұл тапсырмалар төмен тілдік деңгейге ие оқушылар үшін өте жақсы. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін, өйткені осындай тапсырмалар күрделі құрылымдар мен грамматиканы қажет етпейді.

Speaking: Responding to prompts - мұндай тапсырмалар ауызша немесе жазбаша болуы мүмкін. Оларды сабақ барысында өтетін барлық тақырыптарға дайындауға болады. Қазіргі таңда интернеттен осындай тапсырмаларға арналған дайын карталар өте көп. Giving presentation - презентацияны оқушы өзі таңдаған, өзіне жақын кез-келген тақырыпта жасай алады, бұл бағалау түрінің басты артықшылығы. Өйткені студент өзіне жақын және түсінікті нәрсені айтып, өзін жақсы жағынан көрсете алады.

Role-play, interview - жұптық жұмыс барлық деңгейлер үшін керемет жұмыс түрі. Себебі “At the reception” немесе “At the restaurant” сияқты қарабайыр тақырыптар арқылы арқылы Beginner деңгейлі оқушылар мен қатар Intermediate деңгейі бар оқушыларға дейін бағалауға болады. Discussions, problem-solving in groups - бұл тапсырмалар топтық жұмыс үшін Number One. Себебі қысқа уақыт ішінде түгел сыныпты бағалап шығуға ыңғайлы.

Grammar: Multiple choice questions, gap-filling - барлық деңгейлер мен барлық грамматикалық тақырыптарға арналған керемет тапырма түрлері. Бұл тапсырмалар оқушылардың осал жақтары мен олқылықтарын тез және дәл анықтауға көмектеседі. Error correction - бұл жұмыс түрі оқушылардан берілген тапсырмадағы қателерді тауып, жағдайды талдай білуді қажет етеді.

Cloze test - бағалаудың әдеттегі нұсқасы емес, ол әр n-ші сөздің, мысалы, әр 3-ші немесе 5-ші сөздердің бос орындары бар шағын мәтінді білдіреді. Тапсырманың ерекшелігінің арқасында сіз қай грамматика алынып тасталатынын ешқашан біле алмайсыз, өйткені бұл артикль де, -ing жалғауы бар етістік те, предлог та болуы мүмкін. Бұл лексика мен грамматиканы біріктіретін күрделі тапсырма. Сонымен қатар “Sentence completion”, “Transformation exercise” сияқты тапсырмаларды да қолдануға болады.

Listening: Шын мәнінде, ақпаратты есту арқылы қабылдауды тексеруге арналған тапсырмалар мәтіннің түсінуін тексерумен бірдей, сондықтан келесі тапсырмалар тізімі аз толықтырулармен берілген. Song-based tasks - сабақ барысында әндерді қолданудың да маңызы үлкен. Себебі олардың ішінде түрлі грамматикалық тақырыптарға арналған сөйлем құрылымдары, лексика жиынтықтары орасан зор. Әрі оқушылардың көңілі көтеріңкі және қызығушылықтары жоғары болады.

Dictation – есту қабілетін және сөздердің дұрыс жазылуын тексеру үшін сөздік те, мәтіндік те пайдалы болады. Following the instructions for mapping a route/drawing a picture – тапсырма қарапайым – тыңдау және суретін салу. Оқушылардың дағдыларын бағалаудың жаңа нұсқасы. Table completion – естілген немесе оқылған мәтінді түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар “True/False” and “Yes/No questions”, “Open comprehension questions”, “Multiple choice question”, “Listen and complete the gaps”, “Choose the word which describes what you heard” түрлерін де қолдануға болады.

Vocabulary: жоғарыда берілген тапсырмалар лексиканы да тексереді. Олардың ең ерекшелерін атап өтсек: Word/mind maps - оқушының сөздік қорын тексеретін тапсырма. Word-building – оқушыға логика мен жұрнақтарды, префикстерді және жалғауларды қолдана отырып, жаңа сөздер жасауды үйрететін керемет тапсырма. Тағы да “Odd one out”, “Finding synonyms, antonyms, definitions, lexical sets” қолдануға болады. Жалпы барлық берілген бағалаудың әр түріне тапсырманың орындалуы және олардың дағдыларын дамыту туралы объективті feedback қоса берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шукин А. Н. «Обучение иностранным языкам: теория и практика». – М.: Филоматис, 2006. – 480 с.
2. Хэгболдт П. Изучение иностранных языков. Некоторые размышления из опыта преподавания, - М. 1963.
3. Толстой Л. Н. Педагогические сочинения. М. 1989.
4. <http://www.langust.ru/method.shtml#basic>
5. <https://dialog-success.ru/metody-obucheniya-anglijskomu-yazyku/>

УДК 37.0

А.А. Кенес

01140600 Негізгі және орта білім беру тілі мен әдебиетін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі,
4S01140605 Шет тілі мұғалімі

А.Б. Таскенова

Педагогика ғылымдарының магистрі, шет тілдер кафедрасының арнайы пәндер оқытушысы,
Қостанай жоғары педагогикалық колледжі

ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ ГРАММАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Түйін: Бұл ғылыми жұмыс қазіргі оқу үрдісінде қолданылатын ағылшын тілінің грамматикасын оқытудың инновациялық әдістерін зерттеу мен талдауға арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – әдістердің даму тенденцияларын анықтау, сондай-ақ олардың грамматикалық құрылымдарды меңгеру және тілді нақты жағдайларда қолдану дағдылары тұрғысынан тиімділігін бағалау.

Түйінді сөздер: ағылшын тілінің грамматикасын оқыту, етістіктің түрлері мен шақ формалары, шақ категориялары, аспект және дауыс, оқытудың принциптері мен әдістері.

Аннотация: Данная научная работа посвящена исследованию и анализу новаторских методов изучения грамматики английского языка, применяемых в современном образовательном процессе. Основной целью исследования является выявление тенденций развития методик, а также оценка их эффективности с точки зрения усвоения грамматических структур и навыков использования языка в реальных ситуациях.

Ключевые слова: преподавание грамматики английского языка, виды глаголов и временные формы, временные категории, вид и залог, принципы и методы обучения.

Abstract: This scientific work is devoted to the research and analysis of innovative methods of studying English grammar used in the modern educational process. The main goal of the study is to identify trends in the development of methods, as well as assess their effectiveness in terms of mastering grammatical structures and skills in using language in real situations.

Keywords: teaching English grammar, verb types and tense forms, tense categories, aspect and voice, principles and methods of teaching.

Тіл - сөйлеу, бірақ сөйлеу дағдысының өзі оқытылатын тілдің негізгі фонологиялық ерекшеліктерін дәл қабылдау және жаңғырту қабілетіне, сөйлеудегі негізгі грамматикалық құрылымдарды еркін қолдана білуге және оларды қолдану үшін жеткілікті сөздік қорын білуге байланысты. құрылымдар. Ағылшын тілінің грамматикасы жылдар бойы қызу пікірталас тудырды. Қазіргі ғасырда грамматиканың шет тілдерін оқытудағы рөлі әсіресе жиі өзгерді: не өсті, не бағаланбайды. Соңғы онжылдықтарда грамматиканың рөлін төмендету

үрдісі байқалды, бұл студенттердің сөйлеуіндегі қателер санының айтарлықтай өсуіне әкелді.

Грамматикалық құрылымдарды ауызша және жазбаша сөйлеуде меңгеру және қолдану әдетте белгілі бір қиындықтарды тудырады, бұл барлық деңгейдегі ана және шет тілдерінің грамматикалық құрылымының айырмашылығынан туындайды. Бұл қиындықтарды қатаң ескеру оқу-тәрбие процесін ұтымды құрылымдауға және оқытудың тиімді әдістерін таңдауға көмектеседі. Осыны негізге ала отырып, грамматикалық дағдыларды меңгеру жұмысы оқушыларда кездесетін қиындықтар мен проблемаларды ескере отырып, мұқият ұйымдастырылуы керек. Шет тілі грамматикасын оқытудың бүгінгі таңда сан түрлі әдістері бар. Олар:

1. Жазу арқылы оқыту әдісі
2. Грамматиканы оқу арқылы үйрету әдісі
3. Интерактивті арқылы оқыту әдісі
4. Индуктивті оқыту әдісі
5. Дедуктивті оқыту әдісі

Жазу арқылы оқыту әдісі

Мұғалімдер арасында кең тараған бұл әдіс шығармашылық жазу арқылы оқушыларға тіл үйренуге қолдау көрсетуді көздейді. Олар жақсы грамматиканың аспектілерін жазуға, оқуға және ашуға шақырылады. Сабақтар есте сақтауға ықпал ететін әдістермен салыстырғанда интерактивті оқыту арқылы жүргізілсе, оқушылар жақсырақ оқиды. Олай болса, мұғалімдер тіл үйренуден гөрі тілді меңгеруге көбірек көңіл бөлгені абзал. Студенттерге шығармашылық немесе жеке жазу жаттығулары берілуі керек және мезгіл-мезгіл өз жұмыстарын түзетуге, өңдеуге және қайта қарауға мүмкіндік беру керек.

Грамматиканы оқу арқылы үйрету әдісі

Бұл грамматиканы оқытудың ең жақсы әдістерінің бірі, өйткені студенттер дұрыс грамматиканы тікелей мұғалімнен естіп, үйренеді. Мұғалім оқушыларға грамматиканы сөйлеу мен жазуға енгізудің дұрыс жолын көрсету үшін дауыстап оқуы керек. Сондай-ақ оқушыларға оқу және жазу мүмкіндігін беру керек, олардың сабақта оқытылатын ережелерді меңгергендігін тексеру керек.

Интерактивті арқылы оқыту әдісі

Грамматиканы оқытудың өте тиімді әдістері сабаққа интерактивтілікті енгізуді көздейді. Грамматиканы үйрету үшін ойындарды қолдану арқылы мұғалім оқушыларды қызықтырады және бұл процесс студенттерге үйренгендерінің көбін есте сақтауға көмектеседі. Бұл әдіс мұғалімдерге өз сабақтарын студенттерінің бірнеше оқу мәнерлеріне бейімдеу мүмкіндігін береді.

Индуктивті оқыту әдісі

Грамматиканы оқытудың бұл әдісі студенттерге белгілі бір ұғым туралы түсінік беретін бірнеше мысалды енгізуді қамтиды және олардан студенттер бұл тұжырымдаманың қалай жұмыс істейтінін бақылай алады. Тұжырымдама алдын ала әзірленбеген және мұғалімдер студенттердің оқу және жазу кезінде грамматикалық ережелерді индуктивті түрде меңгеруін күтеді. Осылайша мұғалім грамматиканы ашу және сол ережелердің қалай жұмыс істейтінін визуализациялау арқылы студенттерге табиғи түрде үйренуге көмектеседі. Индуктивті оқытудың артықшылығы, оқушылардың өз мүмкіндіктерінен орасан зор есте сақтау қабілетінің артуында.

Дедуктивті оқыту әдісі

Алдыңғы әдіске қарағанда, грамматиканы оқытудың дедуктивті әдісі жаттығу алдында нұсқаулар беруге баса мән береді. Мұғалім ретінде сіз студенттерге грамматикалық ұғымдарды өздері кездестірмес бұрын оларға толық түсініктеме беруіңіз керек. Ұғымдармен танысқаннан кейін студенттер жұмыс парақтары мен жаттығуларды пайдаланып механикалық түрде жаттығуы керек. Дедуктивті оқыту әдістері ең алдымен мұғалімге бағытталған және оқушының тілдік қажеттіліктерін елемейді.

